Бас төмендеткіш қосалқы станциядағы күштік БТҚС трансформаторларынан кейін вакуумды типті ажыратқышын және үшполюсты типті айырғышын таңдау және тексеру 42.3 кестеде көрсетілген.

2.4-кесте – Таңдалған айырғыш пен ажыратқыштын параметрлері

Тексерілетін және таңдалатын шамалар	Белгі-леуі	Тексеру және таңдау формулалар	Ажыратқыштар, типі РВРЗ	Айырғыштар, типі ВВ/TEL-10-32/1600
Номиналдық кернеулері, кВ	$U_н$	$U_н \geq U_{н.у}$	10,5≥10	10,5≥10
Номиналдық токтары, А	$I_н$	$I_н \geq I_{р.\max}$	1600>920	1600>920
Номиналдық өшу токтары, кА	$I_{н.отк}$	$I_{н.отк} \geq I_{кз}$	32>7,0	-
Төзімділік динамикалық токтары, кА	$i_{пр.с}$	$i_{пр.с} \geq i_{уд.расч}$	50>18	80>18
Төзімділік термиялық токтары, кА	$i_{т.с}$	$I_t^2 \cdot t_t^2 \geq B_к$	$31,5^2 \cdot 4 = 3969 > 33$	$45^2 \cdot 4 = 8100 > 33$

$$B_{к2} = I_{кз2}^2 \cdot (t_{отк} + T_{a2}),\ кА^2 \cdot с, \qquad (2.48)$$

$$B_{к2} = 7,5^2 \cdot (0,2 + 0,65) = 33\ кА^2 \cdot с.$$

2.5-кесте – Жоғары кернеулі электрқозғалтқышқа электр аппараттарды таңдау

Тексерілетін және таңдалатын шамалар	Белгі-леу	Таңдау және тексеру формулалары	Ажыратқыш ВБЛ-10-20/1000У3	Айырғыш РВФЗ-6
Номиналдық кернеулері, кВ	$U_н$	$U_н \geq U_{н.у}$	10,5≥10	10,5≥10

Номиналдық токтары, А	$I_н$	$I_н \geq I_{р.\max}$	630>180	630>180
Номиналдық өшу токтары, кА	$I_{н.отк}$	$I_{н.отк} \geq I_{кз}$	12,5>7,20	-
Төзімділік динамикалық токтары, кА	$i_{пр.с}$	$i_{пр.с} \geq i_{уд.расч}$	20 >18	52 >18
Төзімділік термиялық токтары, кА	$i_{т.с}$	$I_t^2 \cdot t_t^2 \geq B_к$	$20^2 \cdot 3 = 1200 > 22$	$20^2 \cdot 4 = 1600 > 22$

Ең үлкен қуатты сорапқа вакуумды типті ажыратқыш және типті айырғышты таңдау 2.5 кестеде көрсетілді.

$$B_{к3} = I_{кз3}^2 \cdot (t_{отк} + T_{а3}),\ кА^2 \cdot с, \tag{2.49}$$

$$B_{к3} = 7^2 \cdot (0{,}25 + 0{,}25) = 22\ кА^2 \cdot с.$$

2.7 Изоляторларды тексеру және таңдау

Шиналар жоғары тарату қондырғыларда өтпелі және ілмелі, тіректі оқшаулатқыштарына изоляторларға бекітіледі. Қатты типті шиналар тіректі изоляторларына бекітіледі. Осындай оқшаулатқыштар номиналдық кернеу және механикалық жіберілетін жүктеме бойынша таңдаймыз.

Номиналдық кернеу шарты

$$U_{ном} \geq U_{уст}\ . \tag{2.50}$$

Паспорттық берілгендер бойынша изолятор ОФ-10-750 типті, тіректі оқшаулатқышын таңдаймыз

10,5кВ≥10,5кВ.

Таңдалған оқшаулатқышты рұқсат етілген жүктеме бойынша тексереміз

$$F_{доп} \geq F_{расч}, \text{ кН}\ . \tag{2.51}$$

мұндағы $F_{расч}$ - (2.56) формуласы бойынша есептелінеді

$$F_{доп} = 0{,}6 \cdot F_{разр}, \text{ кН}. \tag{2.52}$$

$F_{разр}$ - иілуге әсер еткендегі бұзушы жүктеме, 750 кН.

$$F_{доп} = 0{,}6 \cdot 750 = 450 \text{ кН},$$

450кН>250 кН.

өтпелі оқшаулатқыштарды келесі шарттар арқылы таңдайды

номиналдық кернеу бойынша

10,5кВ≥10,5кВ.

номиналдық тоқ бойынша

$$I_{ном} \geq I_{\max}, \tag{2.53}$$

2000А>905А.

рұқсат етілген жүктеме бойынша тексереміз

$$0{,}5 \cdot 3000 = 1500 \text{ кА} > 250 \text{ кН}.$$

Паспорттық берілгендер бойынша изолятор П10/2000-3000 типті өтпелі оқшаулатқыш таңдаймыз.

2.8 Тоқ өткізгіштік шинаны таңдау

Бас төмендеткіш қосалқы станцияларда шиналардың есептік токтарың келесі формуламен анықталады

$$I_{расч} = \frac{S_{расч}}{\sqrt{3} \cdot U_{ном}}, \text{А}, \tag{2.54}$$

мұндағы $S_{расч}$- толық есептік қуат, кВА;

$U_{ном}$ - желі кернеуі, кВ.

$$I_{расч} = \frac{10000}{\sqrt{3} \cdot 10} = 924 \text{А}.$$

Есептік токтың мәні (қоршаған ортаның температурасын ескере отырып),

$$I'_{расч} = \frac{I_{расч}}{K_2}, \text{А}, \tag{2.55}$$

мұндағы K_2-қоршаған ортаның температурасына байланысты, түзету коэффициенті тең болады К=0,85 ([1] кесте 1.1).

$$I'_{расч} = \frac{924}{0,85} = 1087 \text{ А}.$$

Алюминиден жасалған, қимасы тік бұрышты шинаны таңдаймыз, типі 100х8, S=800мм^2, $I_{доп} = 1625$А. Қысқа тұйықталу кезінде динамикалық төзімділікке шиналарды тексеру қажет.

Ұш фазалы қысқа тұйықталу кезінде шиналарға ең үлкен әсер етуші күш келесі формуламен аңықталады

$$F_{расч} = 1,76\frac{l}{a}(i_y^{(3)})^2 \cdot 10^{-2}, \text{ даН} \qquad (2.56)$$

мұндағы l- изоляторлардың ара қашықтығы, $l = 110$см;

a- ось арасындағы ток жүргізетін өткізгіштер арақашықтығы, $a = 30$см;

$i_y^{(3)}$- К-2 нүктесіндегі соққы тоғы,

$$F_{расч} = 1,76\frac{110}{30}(19)^2 \cdot 10^{-2} = 24 \text{ даН}.$$

Моментті келесі түрде анықтаймыз

$$M_{изг} = \frac{F_{расч}^{(3)} \cdot l}{10}, \text{ даНсм}, \qquad (2.57)$$

$$M_{изг} = \frac{24 \cdot 110}{10} = 264 \text{ даНсм}.$$

Шиналарды жатқызып орналастырғандағы кедергі моменті

$$W = \frac{b \cdot h^2}{6}, \text{ см}^3, \qquad (2.58)$$

мұндағы b- шина қалыңдығы, см;

h - шина ені.

$$W = \frac{0,8 \cdot 10^2}{6} = 13,3, \text{ см}^3.$$

Майысу кезіндегі шинаның материал кернеуі

$$\delta_{расч} \le \frac{M_{изг}}{W}, \text{даН/см}^2, \qquad (2.59)$$

$$\delta_{расч} \le \frac{264}{13{,}3} = 20 \text{даН/см}^2.$$

Шинаны динамикалық төзімділікке тексергенде, келесі шарт орындалу қажет

$$\delta_{расч} \le \delta_{доп}, \text{даН/см}^2, \qquad (2.60)$$

$$20\text{даН/см}^2 < 650\text{даН/см}^2.$$

Таңдалған шина механикалық төзімділік шартын қанағаттандырады.

Қысқа тұйықталу тоқтары кезінде термиялық төзімділік шарты бойынша шинаның минималды қимасы келесі формуламен аңықталады

$$S_{\min} = S_{т.с.} = \frac{I_{\infty}\sqrt{t_{ф}}}{c}, \text{мм}^2, \qquad (2.61)$$

мұндағы I_{∞} - орныққан қысқа тұйықталу, А;

$t_{ф}$ -қысқа тұйықталудың фиктивті әсер ету уақыты, $t_{ф} = 0{,}2c$;

c - термиялық коэффициент, $c = 90$

$$S_{\min} = \frac{7700\sqrt{0{,}2}5}{90} = 42{,}7 \text{ мм}^2.$$

Термиялық төзімділігі

$$S_{\min} \le S, \text{мм}^2, \qquad (2.62)$$

$$42{,}7 \text{ мм}^2 < 800\text{мм}^2.$$

Таңдалған шина термиялық төзімділік шартын қанағаттандырады.

Қорытынды, типі 100х8, S=800мм^2 бір жолақты алюминиден жасалған шинаны таңдаймыз.

2.9 Өлшеуіш ток және кернеу трансформаторлары

Өлшеуіш кернеу трансформаторын келесі шарттар бойынша таңдаймыз

1) Номиналдық кернеу

$$U_{1н} \geq U_{ну}. \quad (2.63)$$

2) Дәлдік класс бойынша

$$U_{1н} \geq 1{,}1 \cdot U_{н}. \quad (2.64)$$

3) Конструкция және орналасуына байланысты.

4) Орамдардың қосылу схемасына байланысты.

5) Кернеу трансформатордын екінші ретті жүктеме бойынша тексереміз

$$S_{2н} \geq S_2, \quad (2.65)$$

мұндағы $S_{2н}$- берілген дәлдік арасындағы кернеу трансформатордың номиналдық қуаты, В А;

2.6-кесте – Өлшеуіш кернеу трансформаторына қосылатың жүктеме

Аспаптар түрлері	Типтері 4MS-38-D	Бір орам-ның қуаты S, ВА	Орам дар саны	$cos\,\phi$	$sin\,\phi$	Аспап тар саны	Жалпы тұтынатын қуаттары	
							P, Вт	Q,ВАР
Вольтметр	Э-335	2	1	1	0	3	6	-
Ваттметр	Д-335	1,5	2	1	0	3	9	-
Активті қуат датчигі	Е-829	10	-	1	0	3	30	-
Реактивті қуат датчигі	Е-830	10	-	1	0	3	30	-
Актив энергия датчигі	И-680	2Вт	2	0,38	0,92	3	12	29,208
Частотомер	Э-372	3	1	1	0	3	9	-
Варметр	Д-335	1,5	2	1	0	3	9	-
Барлығы							96	29,2

S_2 - кернеу трансформатордың екінші реттік есептік жүктемесі.

$$S_2 = \sqrt{\left(\sum_{i=1}^{n} S_{прибі} \cdot \cos\varphi_{прибі}\right)^2 + \left(\sum_{i=1}^{n} S_{прибі} \cdot \sin\varphi_{прибі}\right)^2}, \text{ ВА.} \qquad (2.66)$$

(2.66) бойынша кернеу трансформаторының екінші ретті жүктемесі.

Кернеуі 35кВ желіге 4MS-38-D типті, класс дәлдігі 0,5, 400 ВА, кернеу трансформаторды таңдаймын.

37кВ≥37кВ.

Кернеу трансформатордың екінші ретті жүктемесі 2.67-кестеде көрсетілген.

400В А>100 В А

2.7-кесте – Өлшеуіш кернеу трансформаторына қосатың жүктеме

Аспаптар типі	типтері НТМИ-10-66	Бір орамдағы қуат S, ВА	Орамдар саны	$cos\,\phi$	$\sin\varphi$	Аспаптар саны	Жалпы тұтынатын қуаттары	
							Р, Вт	Q,ВАР
Вольтметр	Э-335	2	1	1	0	1	2	-
Ваттметр	Д-335	1,5	2	1	0	2	6	-
Варметр	Д-335	1,5	2	1	0	1	3	-
Активті қуат датчигі	Е-829	10	-	1	0	2	20	-
Реактивті қуат датчигі	Е-830	10	-	1	0	2	20	-
Активті энергия датчигі	И-680	2Вт	2	0,38	0,925	2	3,04	7,4
Ваттметр Тіркейтін	И-348	10	2	1	0	2	30	-
Вольтметр тіркейтін	Н-344	10	1	1	0	2	20	-
Частотомер	Э-372	3	1	1	0	2	6	-
Барлығы							110	7,4

Электр аспаптарды жалғауға арналған сымдардың қимасы

$$\Delta U_{пров} = 0{,}03 \cdot U_{гн}, \text{ В}, \qquad (2.67)$$

$$\Delta U_{пров} = 0{,}03 \cdot \frac{100}{\sqrt{3}} = 1{,}732\text{В}.$$

Есептегішті қосқан кезде

$$\Delta U_{пров} = 0{,}005 \cdot U_{гн}, \text{ В}, \quad (2.68)$$

$$\Delta U_{пров} = 0{,}005 \cdot \frac{100}{\sqrt{3}} = 0{,}289\text{В}.$$

Жалғауға арналған мыс сымдардың қимасы S=1,5 мм^2 деп аламыз.

НТМИ-10-66, дәлдік классы 0,5, 6 кВ желіге өлшеуіш кернеу трансформаторың таңдаймыз және оның екінші орамына қосылатын жүктемелері жоғары кестеде көрсетілген.

Өлшеуіш кернеу трансформатордың екінші орамасындағы жүктеме

$$S_2 = \sqrt{(110{,}04)^2 + (7{,}4)^2} = 110\text{ВА}.$$

200 ВА>110 ВА.

Таңдалған өлшеуіш кернеу трансформаторларының паспорттық берілгендері төменгі кестеде көрсетілген.

2.8-кесте – Өлшеуіш кернеу трансформаторларының паспорттық берілгендері

Типтері	Орамдарының номиналдық кернеуі		0,5 класс дәлдік кластағы номиналдық қуаттары, ВА	Макси-малдық қуаттар, ВА
	I-ші ретті	II-ші ретті		
	кВ	В		
4MS-38-D	35	100/$\sqrt{3}$	400	2000
НТМИ-10-66	10	100	200	960

2)Тоқ трансформаторларын таңдау және тексеру

Тоқ трансформаторын таңдау шарттары:

Номиналды кернеу бойынша

$$U_{н.тт} \geq U_{ну} \quad (2.69)$$

Бірінші ретті номиналдық ток бойынша

$$I_{1н} \geq I_{р.\max} \quad (2.70)$$

Орналастыруына байланысты. Дәлдік кластары бойынша.
Екінші ретті жүктемесі бойынша

$$S_{2н} \geq S_{2расч} \qquad (2.71)$$

мұндағы $S_{2н}$- тоқ трансформаторының екінші орамына қосылатың (номиналдық) жүктемесі, В А;

$S_{2расч}$- қалыпты режимде тоқ трансформатордың екінші орамдағы есептік жүктемесі, ВА.

Тоқ трансформаторларды қосалқы станциядағы БТҚС трансформаторына дейін және жоғары қуатты сорап қозғалтқышына таңдаймыз.

Бас төмендеткіш трансформаторына дейін ТФН-35 типті ток трансформаторды таңдаймыз. Оның каталогты берілгендері 2.9 кестеде және оның екінші орамасына қосылған жүктемесі 2.10 кестеде.

2.9-кесте – Өлшеуіш ток трансформатордын параметрлері

Тексерілетін шамалар	Формулалары	Каталогтық берілгендер	Есептік берілгендер
Номиналдық кернеуі, кВ	$U_н \geq U_{н.у}$	35	35
Номиналдық бірінші орамасындағы ток, А	$I_н \geq I_{р.\max}$	400	264
Динамикалық тоғы, кА	$i_{пр.с} \geq i_{уд.расч}$	50	9,5
Термиялық тоғы, кА	$I_t^2 \cdot t_t^2 \geq B_к$	1200	72,2

2.10-кесте – Ток трансформатордың жүктемесі

Аспаптар атауы	Типтері	Қуаттары, ВА	Дәлдік класы
Амперметрлер	Э-330	0,5	1,5
Ваттметрлер	Д-335	0,5	1,5
Электр энергия есептегіштері, активті, реактивті	СР4-И689	2,5	1,5
Варметрлер	0,5	0,5	1,5
Барлығы		4	

(2.71) шартына сәйкес

30В А>4В А.

Аспаптардың кедергілері келесі формуламен аңықталады

$$r_{приб} = \frac{S_{приб}}{I_{гн}^{a}}, \text{Ом}, \qquad (2.72)$$

$$r_{приб} = \frac{4}{5^2} = 0{,}16 \text{Ом}.$$

Аспатарды жалғауға пайдаланатын сымдардың кедергісі

$$r_{пр} = Z_{2ном} - r_{приб} - r_{к}, \text{Ом}, \qquad (2.73)$$

мұндағы $Z_{2ном}$ - тоқ трансформаторының номиналдық екінші орамдағы жүктемесі.

$$Z_{2ном} = \frac{S_{2ном}}{I_{2н}^{2}}, \text{Ом}, \qquad (2.74)$$

$$Z_{2ном} = \frac{30}{5^2} = 1{,}2 \text{ Ом}.$$

$r_{к}$ - контактілер арасындағы кедергі, $r_{к} = 0{,}1 \text{Ом}$.

$$r_{пр} = 1{,}2 - 0{,}16 - 0{,}1 = 0{,}94 \text{Ом}.$$

Бір бірімен аспатарды жалғайтын сымдардың ең минималды қимасы аңықталады

$$S = \frac{\rho \cdot l_{расч}}{r_{пр}}, \text{ мм}^2, \qquad (2.75)$$

мұндағы ρ - алюминий сымның меншікті кедергісі

$$\rho = 0{,}0283 \ \frac{Ом \cdot мм^2}{м}.$$

$l_{расч}$- “толық жұлдыз” схемасы бойынша жалғанған сымдардың есептік ұзындығы, $l_{расч} = l = 90$ м.

$$S = \frac{0{,}0289 \cdot 90}{0{,}94} = 2{,}46 мм^2.$$

Есептік нәтиже бойынша АКРВГ - 2,5мм^2 типті бақылау кабелін таңдаймыз.

Төмендеткіш трансформатордан кейін ТПОЛ - 10-У3 өлшеуіш ток трансформаторды таңдаймыз, оның тексеру шарттары төменгі кестеге еңгізілген.

2.11-кесте – ТПОЛ- 10-У3 өлшеуіш ток трансформатордын параметрлері

Тексерілетін шамалары	Тексеру шарттары	Паспорттық берілгендері	Есептік берілгендері
Номиналдық кернеуі, кВ	$U_н \geq U_{н.у}$	10	10
Номиналдық бірінші орамасындағы ток, А	$I_н \geq I_{р.\max}$	1500	925
Динамикалық тоғы, кА	$i_{пр.с} \geq i_{уд.расч}$	52	19
Термиялық тоғы, кА	$I_t^2 \cdot t_t^2 \geq B_к$	$31{,}5^2 \cdot 3 = 2976{,}75$	33,75

Жоғары қуатты электрлік қозғалтқышқа ТПЛ-10-У3 ток трансформаторды таңдаймыз, оның параметрлері 2.12 және 2.13 кестелерге еңгізілген.

2.12-кесте – ТПЛ-10-У3 өлшеуіш ток трансформаторы

Тексерілетін шама	Тексеру шарттары	Каталогтық берілгендері	Есептік берілгендері
Номиналдық кернеуі, кВ	$U_н \geq U_{н.у}$	10	10
Номиналдық бірінші орамасындағы ток, А	$I_н \geq I_{р.\max}$	300	180,7
Динамикалық тоғы, кА	$i_{пр.с} \geq i_{уд.расч}$	45	17,8
Термиялық тоғы, кА	$I_t^2 \cdot t_t^2 \geq B_к$	$18^2 \cdot 3 = 972$	22,05

2.13-кесте – Тоқ трансформаторларының техникалық берілгендері

Ток трансформаторлар типі	Номиналдық кернеуі $U_{ном}$, кВ	Номиналдық тоғы, А		Динамикалық, термиялық токтары, кА		Өшу уақыты $t_{тер}$, с	Жүктемелер $S_{2ном}$, ВА
		$I_{1н}$	$I_{2н}$	$i_{дин}$	$I_{тер}$		
1	2	3	4	5	6	7	8
ТФН-35	35	400	5	50	20	3	30
ТПОЛ-10-У3	10	1500	5	81	31,5	3	20
ТПЛ - 10-У3	10	300	5	45	18	3	10

2.10 Қосалқы станцияға қорғаныс жерлендіруді есептеу

1) Бас төмендету қосалқы станцияға қорғағыш жерлендіруді қосуды есептеу.

Сыйымдылықтық тоқтарды қарымталаусыз жерге қосу құрылғысының кедергісі:

$$r_з = 0{,}50\,\text{м}.$$

Жасанды жерге қосудың кедергісі

$$r_e = 30\,\text{м}.$$

Жерге қосу құрылғысын 0,8м тереңдікте орналасқан, 40х4мм болат жолақпен контур бойынша орналастырамын. БТҚС-сының ауқымы 30х20м.

Қорытынды жерге қосу құрылғысының кедергісі

$$R_{иск} = \frac{r_e \cdot r_з}{r_e - r_з}, \text{Ом}, \qquad (2.76)$$

$$R_{иск} = \frac{3 \cdot 0{,}5}{3 - 0{,}5} = 0{,}6\,\text{Ом}.$$

Жерге қосқыш жолақтың кедергісі

$$r_г = \frac{0{,}306 \cdot \rho_{расч}}{l} \lg \frac{2l^2}{bt}, \text{Ом}, \qquad (2.77)$$

мұндағы l - жолақтың ұзындығы, l=100м;

b - жолақтың ені, $b = 40 \cdot 10^{-3}$ м;

t - жолақтың орналасқан тереңдігі, t=0,8м;

$\rho_{расч}$- грунттың есептік кедергісі.

$$\rho_{расч} = \psi \cdot \rho_{уд}, \text{Омм}, \tag{2.78}$$

мұндағы ψ =2÷35 – кедергі жоғарылыту коэффициенті горизонталь электродтар үшін.

$\rho_{уд}$=8÷70 Ом м – грунттың меншікті кедергісі (құм).

$$\rho_{расч} = 3{,}5 \cdot 70 = 245 \text{Ом м},$$

$$r_г = \frac{0{,}306 \cdot 245}{100} \lg \frac{2 \cdot 100^2}{40 \cdot 10^{-3} \cdot 0{,}8} = 4{,}3 \text{Ом}.$$

Вертикаль электродтардың санын анықтаймыз

$$n_B = \frac{l}{a}, \tag{2.79}$$

мұндағы a - вертикаль электродтардың ара-қашықтығы, a =5м.

$$n_B = \frac{100}{5} = 20 \text{ штук}.$$

Экрандау коэффициентін қолдана отырып, горизонталь жолақтың кедергісін анықтаймыз

$$R_г = \frac{r_г}{\eta}, \text{Ом}, \tag{2.80}$$

мұндағы η - экрандау коэффициенті, $\eta = 0{,}44 \div 0{,}5$.

$$R_г = \frac{4{,}345}{0{,}5} = 8{,}68 \text{Ом}.$$

Вертикаль жерге қосқыштардың қажетті кедергісі

$$R_в = \frac{R_г \cdot R_{иск}}{R_г - R_{иск}}, \text{Ом}, \tag{2.81}$$

$$R_в = \frac{8{,}68 \cdot 0{,}6}{8{,}68 - 0{,}6} \approx 1 \text{Ом}.$$

Вертикаль электродтардың саны

$$n_в = \frac{r_в}{R_в \cdot \eta_в}, \text{Ом}, \qquad (2.82)$$

мұндағы $r_в$ - бір вертикалды электродтың кедергісі.

$$r_в = \frac{0{,}306 \cdot \rho_{расч}}{l}\left(\lg\frac{2l}{d} + \frac{1}{2}\lg\frac{4t+l}{4t-l}\right), \text{Ом}. \qquad (2.83)$$

(2.78) формуласындағы ψ вертикаль электродтар үшін $1{,}1 \div 1{,}5$.

$$\rho_{расч} = 1{,}5 \cdot 70 = 105 \text{ Ом м},$$

мұндағы l- вертикаль электродтың ұзындығы, l=5м;
d - электродтың диаметрі, d =20мм;
t- жерден электродтың ортасына дейінгі қашықтық.

$$t = 0{,}8 + \frac{l}{2} = 0{,}8 + \frac{5}{2} = 3{,}3 \text{ м},$$

$$r_в = \frac{0{,}306 \cdot 105}{5}\left(\lg\frac{2 \cdot 5}{20 \cdot 10^{-3}} + \frac{1}{2}\lg\frac{4 \cdot 3{,}3 + 5}{4 \cdot 3{,}3 - 5}\right) = 22{,}075 \text{ Ом},$$

$$n_в = \frac{22{,}075}{1 \cdot 0{,}5} = 44 \text{ штук}.$$

Экрандау коэффициентін ескере отырып жерге қосу құрылғысының кедергісі:

$$R_и^{'} = \frac{r_в}{n_в \cdot \eta}, \text{ Ом}, \qquad (2.84)$$

$$R_и^{'} = \frac{22{,}075}{44 \cdot 0{,}5} = 1 \text{ Ом}.$$

Есептелген жерге қосу құрылғысының кедергісінің дұрысын келесі шарт арқылы тексереміз:

$$R_{и}^{'} < R_{и}\,, \qquad (2.85)$$

1Ом >0,6 Ом.

Вертикаль электродтар саны $n_{в} = 44$ болғанда соңғы шарт орындалмайды, ендеше вертикаль электродтар санын көбейтіп, (2.84) формуласын қайта есептеймін.

$$R_{и}^{'} = \frac{22{,}075}{60 \cdot 0{,}65} = 0{,}56\,\text{Ом}.$$

(2.85) шарты бойынша

0,56Ом<0,6 Ом.

Қорытындылай келе, вертикаль электродтар санын $n_{в} = 60$ штук аламын.

Тіреуіштін өз аралық жерге қосылуы ұзындығы 2,5 метрге тен вертикалды электродты созылған жерлендіргішге орындалады. Жерлендіргіш қондырғысы топырақтын тоттандыру әсерін еске ала отырып, диаметрі 16 мм тең дөнгелекті болаттан жасалады.



2.3-сурет – Электрмен жабдықтау схемасы

3 6-10 кВ кабельдік желісінің максималдық ток қорғанысының тағайыншамаларын таңдау

3.1 Релелік қорғаныс тұралы негізгі түсініктемелер

Релелік қорғанысы дегеніміз — электрлік автоматиканың негізгі бір түрі болып табылған. Қазіргі заманда релелерсіз энергетика жүйелерінде сенімді жұмыстары мүмкін емес. Релелік қорғаныс энергетикалық жүйенің бүкіл бөліктерінің жұмыс жүргісін және жұмыс жағдайын тынымсыз тексереді және, қалыпсыз жұмыстарға және ақаулық пайда болған орай әрекет етеді. Зақымдалған жерлер болса релелік қорғаныс табады да жүйеден ажыратып тастайды. Егер бос жүріс пайда болса қорғаныс оны анықтайды, бұзылудың сипаттамасына байланысты, қалпына келтіру үшін керекті іс-әрекет жасайды не қызметкерлерге бір белгі береді.

Қазіргі цифрлы микропроцессорлық релелік қорғаныс электр автоматикамен тығыз байланыста. Ол автоматика жүргіні қалпына келтіру және тұтынушыларды қоректендіру үшін орнатылған.

Релелік қорғаныс келесі негізгі талаптарға сай келуі тиіс:

- талғаулық.
- тез әрекеттілігі.
- сезгіштік.
- сенімділік.

Тез әрекеттілігі – бұл релелік қорғаныстың зақымдалған элементтерін анықтау және ЭЭЖ-ден ажырату жыламдығын сипаттайтын қасиеті. Тезәрекет-тілік көрсеткіші болып қорғаныстың қосылу уақыты табылады – бұл зақымдалу пайда болған сәттен бастап желіден зақымдалған элементті ажыратқан сәтке дейінгі уақыт аралығы.

Талғаулық – релелік қорғаныстың энергожүйенің зақымдалған элемент-терін анықтау мен сол элементті оған ең жақын ажыратқышпен сөндіру қабілетін сипаттайтын қасиет. Бұл зақымдалған участоктың таралмауына және желінің басқа учаскелерінің қалыпты жұмысын үзбеуге мүмкіндік береді.

Сезгіштік – релелік қорғаныстың энергожүйенің минимальды режимі кезінде берілген әрекет ету аумағы соңында зақымдалуларды анықтау қабілетін сипаттайтын қасиет. Максималды қорғаныс үшін мүмкін (зақымдалуды бақылауға сәйкес) минималды сигнал мәнінің іске қосылу параметріне қатынасымен анықталатын – сезімталдылық коэффициенті сезгіштік көрсеткіші болып табылады.

Сенімділік – релелік қорғаныстың қорғауға арналған зақымдалудың барлық түрлері мен қалыпты емес жұмыс режимдерінде дәл әрі істен шықпай дұрыс әрекет ету және қорғаныс талап етпейтін қалыпты жағдайларда, зақымдалулар мен қалыпты жұмыс режимдері бұзылғанда іске қосылмау қабілетін сипаттайтын қасиет. Қалыпты жұмыс уақыты мен қалыпсыздық

қарқындылығы (уақыт бірлігіндегі істен шығу саны) сенімділіктің негізгі көрсеткіші болып табылады.

Жоғары және өте жоғары кернеулі электр энергияны тарату желілерінің, жоғары қуатты электр станцияларының пайдаланылуы, негізгі және үлестіру тораптарының қарқынды дамуы басқару мәселесін қиындатты.

3.2 6-10 кВ кабельдік желінің релелік қорғанысын есептеу

3.1-суретте 6 кВ радиалды кабельдік желі учаскесінің сызбасы келтірілген. 2,3 және 4 қорғаныс нүктелерін анықтаймыз және келесі бастапқы мәліметтер бойынша қорғауды келісу кестелерін ұсынынамыз: а) IV 6 кВ шиналарға қосылған 1 элементті қорғау (трансформаторлар, қозғалтқыштар) жылдам әрекет етеді (кесу); б) ажыратқыштарын өшіру уақыты t_o = 0,1 с; в) алюминий өткізгіштері бар жалғыз кабельдер жерге төселген; г) қорғаныс РТ-85/1 типті релесі бар екі фазалы екі релелі схема бойынша орындалады, онда токқа тәуелді іске қосу уақытының сипаттамасы және 150 а дейінгі токтарда басқарылатын тізбекті дешунттауға және айналып өтуге қабілетті қуатты коммутациялық байланыс бар (сурет 3.2), кәбілдерге ең жоғары жұмыс жүктемелерінің шамалары белгісіз; е) үш фазалы кз, кәбілдер және ток трансформаторлары ТТ тогының кезіндегі токтардың деректері төменде келтірілген.



3.1-сурет – 6 кВ радиалды кабельдік желі учаскесінің сызбасы

МТҚ максималды ток қорғанысының нүктелерін таңдау бастапқы және қайталама іске қосу токтарын, іске қосу уақытын, реле түрлерін, қорғалатын аймақтардың соңында металл қысқа тұйықталу кезіндегі минималды сезімталдық коэффициенттерін анықтау болып табылады, бұл қорғаныс негізгі және резервтік ретінде әрекет етеді. Сонымен қатар, екі немесе одан да көп

тізбектелген элементтердің қорғанысы сезімталдық пен уақыт бойынша келісілуі керек. Олар селективті әрекет етуі керек.



3.2-сурет – Ажыратқышты өшіру катушкаларын дешунттаумен екі фазалы екі релелі максималды ток қорғанысының схемасы

Максималды ток қорғанысы іске қосылуының бастапқы тогы қысқа тұйықталу жойылғаннан кейін қорғалатын элемент қосылған кезде толық тежелген электр қозғалтқыштарын және басқа жүктемені өздігінен іске қосу токтарынан қалпына келтірілуі тиіс. Сонымен қатар, жүктеменің ең жоғары жұмыс тогы кезінде қорғаныс іске қосылмау керек. Осы шарттарға сүйене отырып симметриялы қалыпты режимдегі қорғаныстың бастапқы іске қосылу тогы келесі формула бойынша есептеледі

$$I_{с.з} = k_{н} k_{з} I_{раб.макс} / k_{в}, \qquad (3.1)$$

мұндағы $к_н$ =1,2÷1,3 – сенімділік коэффициенті;

$к_в$ = 0,9-0,95 – қайту коэффициенті;

$к_з$ = 1,5-2,5 – жүктеменін өздігінен қосылу коэффициенті.

Реленің іске қосылу тогы келесі формула бойынша есептеледі

$$I_{с.р} = k_{сх} I_{с.з} / n_{ТТ}, \qquad (3.2)$$

мұндағы $к_{сх}$ – схема коэффициенті - реледегі токтың симметриялы қалыпты режимдегі және үш фазалы қысқа тұйықталу ҚТ кезіндегі ток трансформатордың ТТ екінші реттік токқа қатынасы.
ТТ үшбұрышқа немесе екі фазаның ток айырмашылығына қосылған кезде $к_{сх}=1,73$; *ТТ* толық немесе толық емес жұлдызға қосылған кезде $к_{сх}=1$.
Кабельдер үшін $I_{раб.макс}$ белгісіз жағдайларда, ол ПУЭ бойынша ұзақ рұқсат етілген жүктеме тогына тең қабылданады,

$$I_{раб.макс} = I_{дл.доп}. \tag{3.3}$$

Сезімталдық коэффициенті келесі формула бойынша ҚТ минималды токтарымен анықталады

$$k_ч = \frac{I_p}{I_{c.p}} = \frac{k_{cx} I_{k.мин}}{k_{cx} I_{с.з}}. \tag{3.4}$$

Біз 2 қорғауды қарастырамыз.

$I_{раб.макс}$, $к_з$ токтары берілмегендіктен, біз барлық кабельдер үшін номиналды кабель тогын қабылдаймыз $I_{раб.макс} = I_{дл.доп}$. Талаптарға сәйкес

$$I_{c.з2} = 4I_{ном} = 4I_{дл.доп} \tag{3.5}$$

$$I_{c.з2} = 4 \cdot 190 = 760 \text{ А}.$$

Алюминий кабелі үшін 3х70 мм^2, $I_{дл.доп} = 190$ А.
Реленің іске қосылу тогы есептеледі

$$I_{c.р} = 1 \cdot \frac{760}{80} = 9{,}5 \text{ А}.$$

Қабылдаймыз $I_{c.р2} = 10$ А, содан кейін

$$I_{c.з2} = 10 \cdot 80 = 800 \text{ А}.$$

2 қорғаныс релесі сипаттамасының тәуелсіз бөлігіндегі уақыттың үстамы IV шиналарға бекітілген элементтердің жылдам әрекет ететін қорғанысынан қалпына келтіріледі

$$t_{2зав} = \Delta t_{зав} = \Delta t_{p2} + t_{о.в} + t_{и.о} + t_{зап}$$
$$t_{2зап} = 0{,}1 + 0{,}1 + 0{,}15 + 0{,}1 = 0{,}45 \text{ с}.$$

Біз реленің іске қосылу уақытының сипаттамасының тәуелсіз бөлігінде мүмкін болатын ең төменгі мәнді қабылдаймыз РТ-85/1 $t_{2у} = 0{,}5$ с.

Релелік қорғаныстын сезгіштік коэффициентін шиналардағы екі фазалы минималды қысқа тұйықталу кезінде есептейміз. Сезімталдық коэффициенті $к_{сх}=1$ екенін ескере отырып, IV шиналардағы минималды екі фазалы ҚТ-мен (3.4) анықталады,

$$k_ч = \frac{k_{сх} I_{k.мин}^2}{k_{сх} I_{с.з2}} = \frac{0.867 \cdot 4300}{800} = 4{,}66 \geq 1{,}5.$$

ҚТ кезіндегі кабельдің термиялық тұрақтылығы келесі формула бойынша анықталады

$$S_{доп.мин} = \frac{I_\infty \sqrt{t_ф}}{C}, \qquad (3.6)$$

мұндағы $S_{доп.мин}$ – минималды кабель өзектерінің рұқсат етілген қимасы, мм^2;

I_∞ - кабельдің басында зақымдалған кезде тұрақты қт ток, А;

$t_ф$ – қысқа тұйықталудың жалған өшіру уақыты, с;

С – сымның (шиналардың) материалына тәуелді тұрақты; оның бастапқы және рұқсат етілген ең жоғары соңғы температурасы.

6 және 10 кВ тарату желілері үшін

$$I_\infty = I_k'' = I_k$$

$$t_ф = t_{с.з} + t_{о.в}, \qquad (3.7)$$

мұндағы $t_{с.з}$, $t_{о.в}$ – қорғаныстын іске қосылу және ажыратқышты өшіру уақыттары.

С тұрақтысы тең 90 және 160, тиісінше алюминий және мыс сымдары бар кабельдер үшін.

$$S_{доп.мин} = \frac{4300}{90}\sqrt{0{,}5 + 0{,}1} = 37 \text{ мм}^2.$$

Біз 3 қорғаныс шарттарын анықтаймыз.

Талаптарға сәйкес қорғаныс пен реленін іске қосылу тогы есептеледі

$$I_{с.з3} = 4I_{дл.доп} = 4 \cdot 275 = 1100 \text{ А}.$$

Бұл қорғаныс сезімталдығы бойынша 2 қорғанысымен келісілуі керек. Оның іске қосу тогы 2 қорғаныс тогына қарағанда 30-40% артық таңдалады, яғни,

$$I_{c.з3} = k_{н.с} I_{с.з2,} \tag{3.8}$$

мұндағы $к_{н.с}$ =1,3÷1,4 – 6-35 кВ желілерінде орнатылған, РТ-80 және РТ-90 сериялы реле үшін сәйкестендіру сенімділік коэффициенті; 1,25-1,5 – реле РТ-40 үшін;

$к_{н.с}$ = 1,1-1,2 – ВЛЭП-110 кВ және жоғары үшін.

3 ***қорғаныс үшін***

$$I_{c.з3} = 1{,}3 \cdot 800 = 1040 \text{ А},$$

Реленін іске қосу тогы

$$I_{c.р3} = 1 \cdot \frac{1100}{120} = 9{,}15 \text{ А}.$$

$I_{c.р3} = 9$ А, деп қабылдаймыз, соңда

$$I_{c.з3} = 9 \cdot 120 = 1080 \text{ А}.$$

Біз қорғаныс сезімталдылық коэффициентін оның III шиналардағы қт кезінде негізгі және IV шиналардағы қт кезінде резервтік ретінде есептейміз:

$$k_{ч.осн} = \frac{I_{k.III}^2}{I_{с.з3}} = \frac{0.867 \cdot 8400}{1080} = 6{,}74 > 1{,}5;$$

$$k_{ч.рез}^{(2)} = \frac{I_{k.IV}^2}{I_{с.з3}} = \frac{0.867 \cdot 4300}{1080} = 3{,}45 > 1{,}2.$$

Біз селективтілік сатысын есептейміз

$$\Delta t = \Delta t_{p3} + \Delta t_{p2} + t_{о.в} + t_{и.о} + t_{зап}$$
$$\Delta t = 0{,}1 + 0{,}15 + 0{,}1 + 0{,}15 + 0{,}1 = 0{,}6 \text{ с}.$$

Содан кейін релеге орнатылады

$$t_{у3} = t_{у2} + \Delta t_{зав} = 0{,}5 + 0{,}6 = 1{,}1 \text{ с}.$$

Айта кету керек, қорғанысты оның тәуелсіз бөлігінде шектеулі тәуелді сипаттамамен үйлестіру олардың кез-келген қт ток мәндерінде селективті

әсерін қамтамасыз етеді. Сипаттаманың нақты 3 графикалық-аналитикалық құрылысы 3 суретте көрсетілген.
Кабельдің термиялық тұрақтылығын II шиналардағы үш фазалы ҚТ кезінде тексереміз:

$$S_{\text{доп.мин}} = \frac{10500}{90}\sqrt{1{,}1 + 0{,}1} = 128 \text{ мм}^2 < 150 \text{ мм}^2.$$

10500 А ток кезіндегі 1,1 с – 3 қорғаныстын іске қосылу уақыты.



3.3-сурет – 1-4 қорғауларды келісу кестелері

Біз 4 қорғаныс шарттарын анықтаймыз.
Талаптарға сәйкес қорғаныс пен реленін іске қосылу тогы есептеледі

$$I_{c.34} = 4I_{\text{дл.доп}} = 4 \cdot 335 = 1420 \text{ А}.$$

Бұл қорғаныс сезімталдығы бойынша 3 қорғанысымен келісілуі керек. Оның іске қосу тогы 3 қорғаныс тогына қарағанда 30-40% артық таңдалады, яғни,

$$I_{c.34} = 1{,}3 \cdot 1080 = 1405 \text{ А},$$

Реленін іске қосу тогы

$$I_{c.\text{р}4} = 1 \cdot \frac{1420}{160} = 8{,}87 \text{ А}.$$

$I_{c.\text{р}4} = 9$ А деп қабылдаймыз, соңда

$$I_{c.\text{з}3} = 9 \cdot 160 = 1440 \text{ А}.$$

Біз қорғаныс сезімталдығының коэффициентін оның IV шиналардағы қт кезінде негізгі және III шиналардағы қт кезінде резервтік ретінде есептейміз:

$$k_{\text{ч.осн}} = \frac{I_{k.III}^2}{I_{\text{с.з}3}} = \frac{0.867 \cdot 10500}{1440} = 6{,}32 > 1{,}5;$$

$$k_{\text{ч.рез}}^{(2)} = \frac{I_{k.IV}^2}{I_{\text{с.з}3}} = \frac{0.867 \cdot 8400}{1440} = 5{,}05 > 1{,}2.$$

Содан кейін 4 сипаттаманың тәуелсіз бөлігіндегі уақыт үстамы (сурет.6) құрайды

$$t_{\text{у}4} = t_{\text{у}3} + \Delta t_{\text{зав}} = 1{,}1 + 0{,}65 = 1{,}75 \text{ с}.$$

Біз кабельдің термиялық тұрақтылығын тексереміз:

$$S_{\text{доп.мин}} = \frac{13000}{90}\sqrt{1{,}8 + 0{,}1} = 199 \text{ мм}^2 < 240 \text{ мм}^2.$$

Әдетте, сызбаға түсінікті болу үшін қорғаныстың барлық сипаттамалары қолданылады, бұл олардың ток пен уақыт бойынша сәйкестігін көрсетеді. 3.3 суретте 1-4 қорғаныстардын сәйкестендіру кестелері берілген, бұл селективтілік картасы.

ҚОРЫТЫНДЫ

Дипломдық жұмыста ауылшаруашылық өнеркәсібін электрмен қамтамасыз ету қарастырылған. Жұмыста келесідей негізгі нәтижелер алынды. Электр қабылдағыштардың берілген саны мен қуаты бойынша ауылшаруашылық өнеркәсібін электр жүктемесі есептелді. Бұл есептеулер бойынша және жұмыстың бастапқы берулері бойынша ауылшаруашылық өнеркәсібін 0,4 кВ кернеулі жүктемесі анықталды.

Жұмыста сыртқы электрмен жабдықталуының схемасы қарастырылған. Осылардан экономикалық және техникалық жағынан қарағанда ең тиімдісі таңдалған, бұл ауылшаруашылық өнеркәсібін қоректендірудің бірінші нұсқасы болып келеді, мұнда электр энергиясы ЭБЖ 35 кВ бойынша беріледі. Қабылданған нұсқа бойынша келесідей жоғары вольтты қондырғылар таңдалған: кіріспе ажыратқыштар; тораптан шығатын желіні ажыратқыштар; электрқауіпсіздігіне арналған айырғыштар; жүктемені ажыратқыштар; сонымен қатар күштік кабельдер. Өлшеу құралдары, тоқ және кернеу трансформаторлары таңдалған. Сонымен қатар, ауылшаруашылық өнеркәсібінің үздіксіз энергиямен қамтамсыз етілуі, яғни трансформаторларға релелік қорғаныс қарастырылған, релелік қорғаныс элементтері есептелді.

Арнайы бөлімде 6-10 кВ кабельдік желісінің максималдық ток қорғанысының МТҚ тағайыншамаларын таңдау релелік қорғаныс қарастырылған.

Ауылшаруашылық өнеркәсібіндегі еңбекті қауіпсіз ұйымдастыру мәселелері қарастырылса, экономикалық бөлімде жобаның техникалық экономикалық тиімділігі есептелді.

Жұмысты орындау кезінде жаңа техникалық шешімдер, прогрессивті технология пайдаланылған, ол электрмен қамтамасыз ету сенімділігін жоғарлатумен қатар, электр қондырғыларының сапасын көтеруге әсерін тигізеді.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Г. Хожин. Электр станциялар мен қосалқы станциялар. Оқулық. – Алматы, 2014.– 452 б.
2. Департамент РЗ и систем управления AREVA T&D Automation.-М.: Типовые решения MiCOM P10-40. Схемы РЗиА Schneider Electric. 2013.
3. М.В. Башкиров, Ш.К.Шоколакова. Релейная защита и автоматика систем электроснабжения. Конспект лекций – Алматы: АУЭС, 2014. - 73 с
4. Руководство оператора. ABB Силовые и автоматизированные системы. 2012.: Москва,2012.-132с.
5. Руководство по монтажу. ABB Силовые и автоматизированные системы. 2012.: Москва,2016.-68с.
6. А.М. Ершов. Релейная защита и автоматика в системах электроснабжения: учебное пособие к изучению курса/. – Челябинск: Издательский центр ЮУрГУ, 2013. – 76 с.
7. Э. А. Киреева, С.А.Цырук. Релелік қорғаныс және электр энергетикалық жүйелерді автоматтандыру. - 5-ші баспа үйі, стер. - М.: «Академия» баспа орталығы, 2016. - 288 б.
8. Ананичева С.С., Котова Е.Н. Проектирование электрических сетей: учебное пособие. Екатеринбург: Изд-во Урал.ун-та, 2017. 164 с.
9. Электроснабжение. Кудрин Б.И. – 2-ое изд., перераб и доп. –М.: Академия, 2012. 352с.